

2. Mollona, M., De Neve, G., and Parry, J., *Industrial Work and Life, An Anthropological Reader*, London School of Economics Monographs on Social Anthropology, vol 78, Berg: Oxford/New York, 2009
3. Parry, J. (2013) 'Company and contract labour in a central Indian steel plant', *Economy and Society*, 42:3, 348-374
4. Магнитка Қазақстанның /Сост: Шапоров А. С., Бондаренко В. А., - Алма-Ата: Қазақстан, 1983, С.152
5. «Қазақстандық Магнитка», в: Караганда. Карагандинская область: энциклопедия /Гл.ред. Р.Н. Нуралиев, Алма-Ата 1986, С.232.
6. Положение оралманов в Казахстане. Доклад Международной Организации по Миграции, Алматы, 2006.

## XX Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК ӘКІМШІЛІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өскембаев Қ.С., т.ғ.к., доцент; Бөдеев Қ.Т., аға оқытушы  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

1920 жылы 26 тамызда РКФСР Бүкілресейлік Орталық атқару Комитеті мен Халық комиссарлары кеңесі М.И.Калинин мен В.И.Ленин қол қойған РКФСР, құрамында астанасы Орынбор қаласында болатын «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасын құру туралы» [1,65 б.] Декрет жарық көрді. Ал, осы жылдың 4-12 желтоқсан аралығында Орынборда өткен Кеңестердің Құрылтайы Қазақ Автономиялы Республикасының құрылғандығын жария етіп, Қазақ Кеңестік Автономиялық социалистік республикасы еңбекшілері құқықтарының Декларациясын қабылдады. Ол декларация РКФСР құрамына жеке автономия болып кіретін Қазақ АКСР-і құрылуын жұмысшылардың, еңбекші қазақ халқының, шаруалар, казактар, қызыл әскер депутаттары Кеңестерінің Республикасы ретінде бекітті. С.Мендешевті бас етіп Орталық Атқару Комитетін (ОАК) және В.Радус-Зеньковичті бас етіп Халық Комиссарлары Кеңесін (ХКК) сайлады [2,42 б.]. Бұл Актілер республиканы құрудың негізгі принциптерін бекітті. Сондай-ақ аталған құжаттар кеңестік басқару жүйесіндегі РКФСР мен Қазақ АКСР мемлекеттік органдарының билік пропорциясы арасалмағы негізінде анықталды. Мұндай тәртіп Орталыққа Қазақ өлкесін толық басқаруға және оны орталық пен республикалық басқару органдарының құзыры арақатынасы мәселелерін шешуде басшылыққа алуға мүмкіндік берді. Яғни, басқару жүйесі РКФСР-мен ортақ үлгіде ұйымдастырылды. Заң шығару, атқарушы және бақылау билігі бір орталықтан жүрді және ол даусыз шектеулі болды.

Іс жүзінде Орталықтың саяси стратегиялық мақсатына бағындырыла отырып шешілген автономияландыру мәселесінде «автономия тәуелсіздік емес», «автономия-форма» ретінде қабылданды. Бұл мәселеде федералдық байланыс арқылы қатаң орталықтанған мемлекет құру көзделді. Сол себепті ұлттардың өз тағдырын өзі белгілеу, яғни шын мәніндегі ұлттық автономия мәселесі саяси мақсатқа бағындырылды. Саяси билік мәселесінің автономиялы Қазақстан үшін дұрыс шешімін таппауы кейінгі уақытта оның тағдырына қатысты түбегейлі мәселелердің Орталық пайдасына шешілуіне жағдай жасады. Бірыңғай кеңестік басқару жүйесін қалыптастыруға «федералдандыру принципі» арқылы қол жетті. Бұл міндетті шешуде Орталықтың «белсенді» большевиктері аса дайындық пен шеберлік көрсетті... [3,61 б.].

Автономиялы мемлекеттің өз Конституциясы, мемлекеттік басқару органдары, олардың заң шығару қызметі, жоғарғы сот органдары болады және сонымен анықталуы тиіс. Қазақстан автономиясы әуел бастан Орталықтың билеп-төстеу автономиясына айналды. Тіпті, осы кезден бастап жоғарғы биліктердің төрағалық қызметтеріне қазақтар басқа «бейтарап» ұлт өкілдерін сұрап алған, кейін бұл «дәстүрге» айналды деген сияқты түсініктер қалыптаса бастады. Бұл туралы кезінде Қазревкомның төрағасы болған С.Пестковский естелік қалдырған екен. Ол 1930 жылы 4 қазанда «Советская степь» газетінде жарияланған еді. Мақалада жоғарыда айтылған түсініктерді растай келіп: - «...Қазревком төрағалығына Орталық үкімет қазақтардың арасынан сайлауға мүмкіндік берсе де, жергілікті ұлт өкілдері өз арасынан сайлау туралы бір тоқтамға келе алмады. Сондықтан, қазақтардың өтінішін ескеріп Сталин Қазревком төрағалығына өзінің орынбасары болып жүрген мені ұсынды» - дейді. Осы оқиғаны белгілі революционер Ә.Жангелдин де өз естеліктерінде растайды.

Орталық үкімет республикаға «федерацияның» мүддесіне ғана сәйкес белгілі қызмет пен құқықтарды үлестіріп беріп, толық тәуелділікте ұстады. Қазақтарға бірыңғай ұлттық мемлекеттік аясында саяси және экономикалық бірігуіне мүмкіндік бермеуді мақсат тұтқан Орталық өз саясатын республика аумағында Кеңестік басқару жүйесі құрылымдары көмегімен іс жүзіне асырып отырды.

Қазақстанда мемлекеттік биліктің жоғарғы органы болып Кеңестердің Бүкілқазақстандық съездері бекітілді. Съездер аралығындағы уақытта жоғарғы билікті атқару Қазаткомға жүктелді. Бұл құрылым 1936 жылы Кеңестердің барлық жүйесі қайта құрылғанға дейін сақталды. Ал, Қазхалком жұмысшы-шаруа үкіметі ретінде заң шығарушы, басқару және атқарушы орган міндетін атқарды. Жер-жерде белгілі аумақ көлемінде бекітілген, құзырына сәйкес мемлекеттік билік пен басқару органдары болып жергілікті Кеңестер ұйымдастырылды. Қазақстанда сөйтіп, мемлекеттік органдарың республикалық және жергілікті-екі жүйесі дамыды. Олар, Республикалық билік органдары мен салалық органдар. Кейінгісі Халкоматтар басқару шешімдерін дұрыс қабылдау мен орындалуына басшылық жасау және басқаруды ұйымдастырудың негізгі міндетін атқарды. Сонымен бірге ол Орталықтың билік және басқару, сот тағы басқада органдарының заңдарының Қазақстанда орындалуына бақылау және басшылық жүргізді. Жергілікті органдар белгілі аумақ көлемінде жоғарғы органдардың заң актілерін орындап, құзырына сәйкес шараларды жүзеге асырды. Олар тікелей билікті қолына шоғырландырған жергілікті Кеңестер және атқарушы қызметті іске асырумен айналысатын жергілікті атқару комитеттері мен оның бөлімдеріне бөлінді.

Қазақстанды әуел бастан экономикалық тәуелділікте ұстауды көздеген Орталық РКФСР-дің Қазақстан аумағында қаржы және шаруашылық саясатының бірлігін сақтау мақсатында құрылған халкоматтардың бірқатарын өз қарамағында қалдырды. Атап айтқанда, Азық-түлік, Қаржы, Жұмысшы-шаруа инспекциясы, Халық шаруашылығы кеңесі, Пошта және телеграф басқармасы, Статистика бюросы, Еңбек, Жол қатынастары РКФСР халкоматтары қарамағына берілді. Ол «Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы» Декреттің 6 және 11 баптарында анық көрсетілді [4].

Осы жерде тоқтала кететін бір мәселе – ол осы декреттің 11 - бабында Семей мен Ақмола губерниялары «Қырғыз (Қазақ) Республикасының Орталық органдары түпкілікті ұйымдастырылғанға дейін Сібір ревкомының құрамында қалады» [5] – деп көрсетілген. Сол кезеңде қуаңшылық Ресейдің 28 губерниясын қамтығанда, егін бітік шыққан Ақмола мен Семей Губерниясын алып қалудың да өзіндік бір сыры осы еді және екі губерния 1920 жылғы санақ бойынша 2.070.676 халқы бар, 921.000 шаршы метр жерді алып жатқан ұлан-ғайыр территориясы мен Омбыға дейін темір жол мен су жолдары қамтамасыз етілген шұрайлы жерден бірден айырылғысы келмегенін Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивтеріндегі құжаттар куәландырады. Аталған губерниялардың шекараларын айқындау, осы территориядағы мекемелердің мүлкі, құрал-жабдықтары мен қаражат мәселесін шешуге келгенде бірден келісімге келе алмай Мәскеуге бірнеше рет шағымдануға дейін барады. Төтенше өкілетті комиссияның өкілі болған Брунштейннің мәліметтерінде, « ... Сібірдің денсаулық бөлімімен келіссөздер жүргізу кезінде, осы мекеменің өкілдерінің әрекеті дос емес державалар арасындағы қарама-қарсы келіссөздер жүргізгендей әсер қалдырды» [6] - деп сипаттайды.

Семей губерниясы ресми түрде 1921 жылы мамыр айында Қазақстанға қосылғанымен, іс жүзінде шекара мәселесіндегі даулар 1922 жылы да жүріп жатты. Соның біреуіне тоқталсақ, Ресей өз тарапынан Павлодар уезіндегі тұзды көлдер ауданын әкімшілік жағынан «Қазақ Республикасына қарағанымен, шаруашылыққа пайдалану жағынан Омбының қарамағында қалады» деп, 1922 ж. 12-қаңтардағы қаулысында өз пайдаларына шешеді. Мәскеуден келген мына жеделхат осы мәселеге соңғы нүкте қойғандай: онда «БОАК-нің 12 және 26 - қаңтарындағы қаулысына сәйкес Павлодар уезіндегі тұзды көлдер ауданы шаруашылық және әкімшілік жағынан Есіл-көл станциясы Қырғыз республикасының иелігінде қалдырылады» [7] - делінген. Өкінішке орай, Қазақстан құрамына кештетіп қосылған қос губернияның сол кезеңдегі тағдыры, туындаған мәселелерді шешу туралы бірде-бір оқулық немесе монографияларда айтылмаған.

1920 жылы 4-12 қазанда Орынбор қаласында өткен құрылтай Қазақ АКСР-інің еңбекшілері құқықтарының Декларациясын қабылдай отырып, РКФСР ХКК-нің қаулысына орай республика құрамына әкімшілік көлеміндегі төмендегі облыстарды енгізді.

- а) құрамында: Павлодар, Семей, Өскемен, Зайсан және Қарқаралы уездері бар Семей облысы;
- ә) құрамында: Атбасар, Ақмола, Көкшетау, Петропавл уездері және Омбы уезінің бір бөлігі бар Ақмола облысы; Ескерту: Омбы уезінің Қырғыз бөлігі мен Сібір бөлігінің шекарасын дәл ажырату Қырғыз (Қазақ) Революциялық Комитеті мен Сібір Революциялық Комитетінің келісулері бойынша жүргізілді.
- б) құрамында: Қостанай, Ақтөбе, Ырғыз және Торғай уездері бар Торғай облысы;
- г) Закаспий облысының Маңғыстау уезі; сол облыстық Красноводск уезінің 4-ші және 5-ші Адай болыстары;
- д) Астрахань губерниясынан: Синеморск болысы, Бөкей ордасы және 1-ші, 2-ші Приморье

округтеріндегі жерлер. Жағалаудағы жерлер мен Сафронов, Ганюшкин, Николаев болыстары шаруашылық жағы болмаса, басқа барлық жағынан Қазақстан қарамағында қалды [8].

1921 жылы Бөкей Ордасынан: Қалмақ, Қамыс-Самар, Нарын, Примор, Талов және Торғын уездерінен тұратын - Бөкей губерниясы құрылды. Ал, Адай болыстарымен Маңғыстау уезі біріктіріліп, оның аты Адай уезі болып өзгертілді де, ол тікелей Республиканың орталығына бағындырылды. Осы жылы облыстар губернияларға алмастырылып, Верный қаласының атауы - Алматы, Гавриловка селосы Талдықорған болып өзгертілді. 1921 жылы Торғай мен Орынбор облыстары құрамынан жаңадан 4 уезден тұратын Ақтөбе, 2 уезбен бір ауданнан, Қостанай және 2 уезден тұратын Орынбор губерниялары құрылды [9].

Бұл қазақ жерінің Кеңес өкіметі дәуірі кезеңіндегі алғашқы әкімшілік-аймақтық бөлініске түсуі еді. Республиканың геосаяси және экономикалық-географиялық жағдайы кейіннен талай рет өзгерістерге ұшыраған болатын.

Солай дегенмен, қазақтың кеңестік ұлттық мемлекеттігінің жариялануының орасан зор тарихи маңызы болды. Қазақ халқы бұл актіні өзінің «ғасырлар бойғы арманының орындалуы, отаршылдыққа қарсы сан ғасырлық күрестің нәтижесі, ұлттық қайта өрлеу жолындағы алғашқы кадам» деп қабылдады.

В.И. Ленин төрағалық еткен ХКК және БОАК мәжілістерінде болған пікір-сайыс барысында өз халқының тарихын тамаша білетін Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков, М.Сералин және басқалар ресми деректемелерден келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, өлкені отарлау, оның жерін отаршылдық жаңа әкімшілік бөліністерге әдейі бөлшектеу, қазақтардың таңдаулы жерлерінен қоныстандыру қорын құру, қазақтардың мыңдаған ауылдарын ата-бабасы қан төгіп, мұраға қалдырған ата қоныстарынан жаппай қуып шығу процесін ашып көрсетті. Қазақ қауымдарының халық болып топтасу кезеңінде оның территориясы қалыптасуының шынайы көрінісі көрсетілді.

Қазақ АКСР-інің «Семей, Ақмола, Торғай және Орал губернияларындағы бас учаскелерді еңбекші қазақ халқына қайтару туралы» (1921 ж. ақпан), «Патша өкіметі қазақ жерлерінен меншігіне алған жерлерді: а) Сібірдегі казак әскерлеріне, б) Оралдағы (Жайық) казак әскерлеріне алған жерлерді еңбекші қазақ халқына қайтару туралы» (1921 ж. көкек) декреттерін [10] басшылыққа ала отырып қазақ халқы ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен қорғаған жер оның заңды мұрагерлеріне қайтарылды.

Большевиктер партиясы билікке келгенге дейін әрбір ұлттың өзін-өзі билеу құқығын саяси бағдарламалық дәрежеде мойындағанымен, билікке келген соң бұл мұратын тиянақты түрде іске асыра алмады. Отарлық езгідегі елдің табиғи, ең негізгі мақсаты, әрине, саяси еркіндігін алып, өз отауын тігу, яғни өзінің саяси, экономикалық және рухани талап тілектерін қорғай алатын мемлекеттік жүйе жасау, сол арқылы мына жер үстінде этнос есебінде өзін-өзі сақтау болатын.

Большевиктер Ресей империясы құрамында болған халықтардың бұл заңды талабын кеңестік билікті орнату арқылы, яғни жұмысшы-шаруа мемлекетін құру арқылы шешуге болады деп есептеді. Ал түптеп келгенде, кеңестік мемлекет Қазақстан сияқты республикаларда ұлы-державалық саясаттың құралына айналды. Егер, бұрын қазақ елі патша мен оның чиновниктерінің айтқанын тыңдауға тиіс болса, енді, негізінен, үстем ұлттың стратегиялық мүддесін жүргізуші Орталық Комитеттің, оның жергілікті жердегі өкілдерінің нұсқауына ғана құлақ асып, соларды орындауға тиіс болды.

Қазақстанның алғашқы әкімшілік-аймақтық бөлініске түсуі айқындалғанмен, оның шаруашылық-экономикалық жағынан тәуелділігі тіпті одан әрі күшейе түсті. Ол шараны 1924 жылғы КСРО Конституциясының 52-бабымен Одаққа қатысты заңдастырылғанынан көреміз. Онда «Халық шаруашылығының Жоғарғы кеңесі, Азық-түлік, Қаржы, Жұмысшы-шаруа инспекция халкоматтары КСРО-ның біріккен халкоматтары болып есептелсін» делінген [11].

Осы кезден бастап аталмыш халкоматтар Орталықтың мақсатын өз саласында асырумен бірге, соның үстемдік саясатының бюрократиялық құралына айналды. Олардың қызмет аясы, құрылымы, штаты, қаржыландыру көзі Орталықпен ғана анықталып бекітіліп отырды. Қызметінде ортақ сабақтастыққа қол жеткізіп, Орталықтың негізгі заңдары мен директивалары басшылыққа алынды. 1922 жылғы КСРО Конституциясының 65-бабында «одақтық республикалардың жоғарғы билік органдары мен КСРО жоғарғы билік органдары арасындағы өзара қарым-қатынастары осы Конституциямен бекітіледі» делінген [12]. Мұның өзі салалық басқару органдарымен қатар жоғарғы билік органдарының да Орталыққа тәуелділігін көрсетеді. Оны Орталық және республикалық басқарудың типтік үлгісінен де көруге болады. Ал салалық басқару органдарының БОАК алдында жауапты болуы оған республика өміріне қырағы бақылау жасауға толық мүмкіндік берді. Халкомдарды Қазхалкомның келісуімен РКФСР сәйкес халкоматтарды тағайындап отырды.

Қазақстанның мемлекеттік, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени құрылысының маңызды мәселелері съезде қаралып, қабылданған әр шешім осы мәселелерді реттеуге бағытталды. Бірақ кеңестердің Бүкілқазақстандық съездері РКФСР саясатының негізгі бағыттарын іс жүзіне асыратын билік органы болды және Орталық айқындаған белгілі шеңберде ғана әрекет етті. Маңызды мәселелер съезде оның шақырылуына қарай шешіліп отырылды. Ал, Қазатком Орталықтың шұғыл шешімдерін ұдайы іс жүзіне асырып отыратын орган болды. Оның құзырына Қазхалкоммен дайындалып алдын-ала қаралатын заң сипатындағы мәселелер кірді. Олар, орталық билік органдары заң актілерінің жергілікті органдардың күшімен жүзеге асуын бақылады, республикалық басқару органдары мен аткомдарға тікелей басшылық жасады, қарым-қатынастарын реттеді. Бюджет мәселесі, кеңестер съездерін дайындап, өткізу, мәдени-ағарту жұмыстары, сотталғандарға кешірім жасау, дербес зейнетақы тағайындау сияқты мәселелерді шешу құқығы берілді [13]. Республикалық жоғарғы билік орган мәртебесін иемденгенімен Қазаткомның өкілеттігі Орталық бекіткен шеңберде ғана болды. Оның қызметі қатаң бақылауға алынып, міндеті мен қызметі белгілі шеңбер төңірегінен аспады.

Қазхалком болса республика істерін ортақ басқаруды жүргізді. Қазаткоммен салыстарғанда, ортақ басқару мәселесі төңірегінде орындалуы міндетті декрет, үкім және нұсқаулар шығарып, сонымен бірге республикада барлық заң актілері жобаларын қарап, бекітті. Оның қаулылары мен шешімдері міндетті түрде Қазаткомда қаралып, бекітіліп отырды. Өзіне жүктелген негізгі міндетпен қатар, республикалық және жергілікті барлық орган қызметін ұйымдастыру, бақылауды іс жүзіне асырды. Мәртебесі жағынан екінші сатыдағы билік органы болып саналды.

Сонымен, Заң шығару, атқарушы, бақылау билігі республикада жоғарғы саяси билік органдары – Қазатком мен Қазхалкомға жүктелгенмен, шын мәнісінде Орталықта шоғырланды. Қазақстанның автономиясы Орталықтың билеп-төстеу автономиясына айналды. «Ұлттық мемлекет» идеясын барынша тұншықтыруға тырысып, ұлттық тұтастықты болдырмау үшін, басқару жүйесін қай жағынан болса да соған бағыттауды көздеді. РКФСР-дің экономикалық, саяси ықпалы күшейген сайын, Қазақстанның ұлттық мемлекеттілікті құру үміті тарыла түсті. Кейінгі жылдары айқын көріне бастаған тоталитарлық режим бірыңғай орталықтанған мемлекет құруға алып келді. Басқа республикалар сияқты Қазақстан онда Орталық үшін шеткі аймақ болып қала берді.

#### Әдебиеттер:

1. Образование Казахской АССР. Сб. док. и мат. Под ред. д.и.н., проф. С.Н.Покровского. -Алма-Ата: Изд. АН Каз ССР, 1957. С.367
2. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты (ҚР ОММ) 5-к., 1-т., 21-іс, 199-200 п.п.
3. Ысқақ А. Қазақстанда кеңестік басқару жүйесі қалыптасуының тарихы. // Саясат. 2002. №5, –Б. 60-63.
4. ҚР ОММ. 30-к., 1-т., 4-іс, 130-п.
5. За власть Советов. Семипалатинск. -1961.-143 с.
6. ҚР ОМА. 82-к., 1-., 24(а)-іс, 21-п.
7. Омбы облыстық мемлекеттік архиві (ООМА) 32-к., 1-т., 40-іс, 20-21-п.п.
8. ҚР ОМА 5-к., 1-т., 21-іс, 266-267-п.п.
9. Двоскин Б.Я. Экономика-географические районирования Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1986. -247 с.
10. ҚР ОМА. 5-к., 2-т., 28(а)-іс, 10-25-п.
11. Сборник Законов СССР и Указов Президиума Верховного Совета СССР. 1938-1967. Том 1. М.,1968. 85 с.
12. Сонда. 87 б.
13. ҚР ОММ. 44-к., 8-т., 34-іс, 48-48-арт.п.

## США И ФРАНЦИЯ В XXI ВЕКЕ. ИСТОРИОГРАФИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

Шлюпиков М.В., к.и.н, доцент\*;

Романова И.В. преподаватель высшей категории\*\*

\*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

\*\*Школа-искусств №2-Клуб ЮНЕСКО

г. Караганда, Республика Казахстан

Проблема политических и экономических взаимоотношений США и Франции являлась предметом пристального внимания исследователей. В статье рассматриваются историографические проблемы франко-американского международного взаимодействия на современном этапе. Автор аргументирует тезис о том, что активное развитие исследований по истории отношений между двумя странами делает актуальным